



## **Атырау мұнай өндіру зауытын қайта жаңарту жобасының техникалық-экономикалық негізdemесі туралы**

Казақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 желтоқсан N 1844

Атырау мұнай өндіру зауытын қайта жаңарту жобасын одан әрі іске асыру үшін  
Казақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жапон компаниялары тобының (бұдан әрі - Топ) мұддесін білдіретін, "Марубени Корпорейшэн" компаниясы әзірлеген Атырау мұнай өндіру зауытын қайта жаңарту жобасының техникалық-экономикалық негізdemесі Казақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының және Атырау облысы әкімінің келісімімен оң сараптамалық қорытындының алынуы мақұлдансын.

2. Казақстан Республикасының Энергетика, индустрія және сауда министрлігі, Казақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) Топпен Жобаны одан әрі іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырын және шикі мұнай беру, қаржыландыру сызбалары және Жобаның жалпы құнын азайту

мәселелерін пысықтасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Казақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Казақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқынандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК